

Коучинг тақырыбы: Диалог арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту

Жалпы мақсаты: Білімді игертуде бірлескен іс-әрекетке тарту. Диалогті оқытуды сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастырудың тиімділігін, жүргізілу түрін, әдістемесін өз тәжірибелерінде, сабақтарында қолдануға бағыттау.

Күтілетін нәтиже:

1. Іс-әрекет арқылы диалогты сын тұрғысынан ойлауды түсінеді.
2. Тиісті ақпарат жинайды
3. Дәлелдерді сын тұрғысынан талдау мен бағалауды біледі.
4. Болжамдар мен ұсыныстарды тәжірибеде қолданады.

Түйінді идеялар: Мұғалімнің біліктілігі, тиімділік, мақсат пен бағыттары, кедергілер.

Ресурстар: Интербелсенді тақта, мұғалімге арналған нұсқаулық, маркер, флипчарт, слайд, стикер

Мерзімі	Тапсырма	Коучтің іс-әрекеті	Мұғалімдердің іс-әрекеті
3 мин	Психологиялық ахуал туғызу Сергіту «Қос қарлығаш»	Коучингке қатысушыларға жағымды көңіл күй сыйлау	Сергіту сәтінде мұғалімдер интербелсенді тақтада көрсетілген қимылмен ән айтады
5 мин	Ұйымдастыру кезеңі Тақырып бойынша «Болжау» әдісін ұйымдастыру. Коучингтің тақырыбымен, мақсатымен таныстыру. «Жағымды сөздер» әдісі арқылы топқа бөлу; Топ ережесін жасақтау.	Коучингке қатысушылардан тақырыппен таныстырып «Болжау» әдісі арқылы коучингте әңгіме не туралы болатынын сұрау. «Бүгін қандай жағымды, жылы сөздер естідіңіздер?» деп сұрап, олардың жауаптарын тақтаға жазып қояды. Жауаптарының саны топ сандарымен байланысты болады. Топтарды өздері айтқан сөз тіркестерімен атайды. Топ ережесін жасауды ұсыну	«Болжау» әдісі арқылы коучингте не туралы сөз болатынын өз ойларына айту. Өздерінің естіген жылы сөздері арқылы топқа бөлінеді. Топ ережесін жасайды.
10 мин	Қызығушылықты ояту кезеңі «Миға шабул» әдісі Бейнежазба көріп, сұрақтарға жауап беру «Рөлдік ойын» (әр топ ақылдаса отырып, рөлде ойнайды. Диалог арқылы сын тұрғысынан ойлау)	Қатысушыларға бейнежазба көрсетіп, сол бойынша сұрақтар қояды. Тақырып бойынша рөлдік ойын ойластыруды ұсынады Топтарға бір-бірін «Басбармақ» әдісі арқылы бағалауды сұрау	Бейнежазба көріп, сол туралы өздерінің пікірін сұрақ-жауап арқылы білдіреді. Топта ақылдаса отырып рөлдік ойын жоспарлап, сахналайды. Топтар бір-бірін «Басбармақ» әдісі арқылы бағалайды
(15 мин)	Мағынаны ашу кезеңі Таныстырылыммен таныстыру	Коучингке қатысушыларға «Диалог арқылы сын тұрғысынан ойлауды	Таныстырылымды тыңдап өздерінің түсінгендерін постер

	<p>Қамтылатын тақырыптар: Басқармай, бағыттап отыру Білімді игерудің бес үлгісі Өз сөзін дәйектеудің үш түрі Ұжымдық, өзара білім алмасуға жағдай туғызатын, қолдаушы диалогтік оқыту «Постер құрастыру»</p>	<p>дамытуды» таныстырылым арқылы түсіндіру Таныстырылым бойынша түсінгенін Постер құрастыруды ұсыну Қорғаған постерлерін «Медаль мен Миссия» әдісі бойынша бағалауды ұсыну</p>	<p>арқылы қорғау. Әр топ постерлерін «Медаль мен Миссия» әдісі бойынша бірін-бірі бағалайды</p>
(3 мин)	<p>Сергіту «Саябақтағы орындық» әдісі</p>	<p>«Саябақтағы орындық» әдісін, ережесін таныстыру</p>	<p>«Саябақтағы орындық» сергіту сәтіне қатысу</p>
(6 мин)	<p>Ой толғаныс «Аквариум» әдісі арқылы ұйымдастыру</p>	<p>«Аквариум» әдісінің ережесімен таныстыру</p>	<p>«Аквариум» әдісі арқылы проблеманы диалог үрдісінде талдау</p>
(2 мин)	<p>Кері байланыс «Бес саусақ» әдісі арқылы</p>	<p>«Бес саусақ» әдісі арқылы кері байланыс беруге шақыру</p>	<p>Коучингке «Бес саусақ» әдісі арқылы кері байланыс беру</p>